

Төретам кентінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 295 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қазанда № 5172 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер Кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 8-бабына, 11-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Төретам кентінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) мен бағалау аймақтарының шекаралары осы шешімнің 1, 2 - қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.


3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық
мәслихатының кезектен тыс
42-сессиясының төрағасы
_____ О. Бодыбаев

Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы
_____ М. Наятұлы

2015 жылғы 22 қыркүйектегі
Қармақшы аудандық мәслихатының
№ 295 шешіміне 1-қосымша

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Төретам кентінің жерлерін аймақтарға бөлу ЖОБАСЫ (СХЕМАСЫ)



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРІ:

- Төратам кентінің шекарасы
- аймақ шекарасы
- кадастрлық квартал шекарасы
- кадастрлық квартал нөмірі
- аймақ нөмірі

АЙМАҚТАР СИПАТТАМАСЫ:

№	Түсі	Түзету коэффициенттері
I		2,0
II		1,5
III		1,0
IV		0,5

2015 жылғы 22 қыркүйектегі
 Қармақшы аудандық мәслихатының
 № 295 шешіміне 2-қосымша

Бағалау аймақтарының шекаралары

Аймақ нөмірі	Жер-кадастрлық кварталдар қиылыстары шегіндегі аймақтардың шекаралары	Аймақ ауданы, гектар

1	2	3
I	I аймақ (012 кварталы)	121,2
	Аймақ шекарасы солтүстік жағы темір жолмен, батыс жағы жоғары кернеулі әуе-тоқ желісі өткен көшемен, оңтүстік және оңтүстік шығыста кенттің шекарасы арқылы өтіп темір жолға дейін.	
II	II аймақ (012, 013 кварталдары)	84,0
	Аймақ шекарасы солтүстік шығыс жақтан Ыбырай Жахаев көшесі арқылы өтіп, жоғары кернеулі әуе-тоқ желісі өткен көшесімен шектеседі, шығыс жағы толығымен жоғары кернеулі әуе-тоқ желісі өткен көшесін қамтиды. Аймақ шекарасының оңтүстігі, батысы және солтүстігі кент шекарасының батыс бөлігі арқылы өтеді.	
III	III аймақ (013 квартал)	86,0
	Аймақтың шекарасы оңтүстіктен темір жол арқылы өтіп, батыстан жоғары кернеулі әуе-тоқ желісі өткен көшемен, солтүстіктен Ыбырай Жахаев және Нұртуған жырау көшелерімен өтеді. Аймақтың шекарасы шығыстан кент шекарасының шығысы арқылы өтеді.	
IV	IV аймақ (013 квартал)	15,8
	Аймақтың шекарасы оңтүстіктен Ыбырай Жахаев және Нұртуған жырау көшелерімен өтіп, солтүстіктен аймақ шекарасы кент шекарасының солтүстік бөлігі арқылы өтеді.	

2015 жылғы 22 қыркүйектегі
Қармақшы аудандық мәслихатының
№ 295 шешіміне 3-қосымша

Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

Аймақ нөмірі	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
I	2,0
II	1,5
III	1,0

I V	0 , 5
-----	-------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ